

**"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы"
Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңын іске асыру жөніндегі
шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 16 қыркүйектегі № 132-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары тізбеге сәйкес белгіленген
м е р з і м д е :

1) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ө.Е. Шөкеевке жүктелсін.

Премьер-Министр

К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1 6

қ ы р к ү й е к т е г і

№

1 3 2 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

**«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және
авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15
шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет
нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

**Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2010.12.09 № 154-ө,
2011.12.30 № 161-ө Өкімдерімен.**

Р/с№	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімдері
1	2	3	4	5
1.	Әуе көлігімен тасымалданатын, оларға қатысты қарап тексеру жүргізілмейтін Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарының арнайы тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ (жинақтау) ҰҚК (келісім бойынша)	2010 жылғы қазан

2.	Жолаушыларға азаматтық әуе кемелерінде тасымалдауға тыйым салынған қауіпті заттар мен бұйымдардың, сондай-ақ есірткінің барлық түрлерінің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ (жинақтау) ПМ, ҰҚК (келісім бойынша)	2011 жылғы наурыз
3.	Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары мен мамандары лауазымдарының тізбесін, сондай-ақ осындай лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ (жинақтау) ҰҚК (келісім бойынша)	2011 жылғы наурыз
4.	Қазақстан Республикасының авиациялық қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ (жинақтау) ҰҚК (келісім бойынша)	2011 жылғы наурыз
5.	Авиациялық қауіпсіздіктің сақталуы сапасына бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ (жинақтау) ҰҚК (келісім бойынша)	2011 жылғы наурыз
6.	Авиациялық қауіпсіздік қызметі туралы үлгі ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2010 жылғы қазан
7.	Әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің қарап тексеруді ұйымдастыруы бойынша сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
8.	Әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің қарап тексеруді ұйымдастыруы бойынша қойылатын сертификатталған талаптарын, қарап тексеру кезінде қолданылатын техникалық құралдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
9.	Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының авиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулығын (бағдарламасын) бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ (жинақтау) ҰҚК (келісім бойынша)	2011 жылғы наурыз
10.	Әуе кемелерін ұшу алдында және арнайы қарап тексеру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ (жинақтау) ҰҚК (келісім бойынша)	2011 жылғы наурыз
11.	Қазақстан Республикасының Әуе кеңістігін пайдалану қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
12.	Азаматтық авиацияда ұшуды және авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
13.	Әуе кемелерін пайдаланушыларды аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2010 жылғы қазан
14.	Қазақстан Республикасының аумағында ұшуларды іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз

15.	Авиамаршруттарды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2010 жылғы қараша
16.	Қазақстан Республикасының әуежайларында жолаушыларға қызмет көрсетуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2010 жылғы қараша
17.	Авиатасымалдауды ұйымдастыру қызметі туралы үлгі ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
18.	Азаматтық әуе кемелерін жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету бойынша сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
19.	Қазақстан Республикасының әуежайларындағы арнайы бөлінген залдарда қызмет көрсетілетін адамдардың тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
20.	Азаматтық авиация ұйымдарының өндірістік-диспетчерлік қызметі туралы үлгі ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
21.	Қазақстан Республикасының азаматтық авиация ұйымдарында авиациялық жанар-жағармай материалдары мен арнаулы сұйықтықтарды сақтаудың, құюға беруге дайындаудың және олардың сапасына бақылау жүргізудің қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
22.	Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуын орнитологиялық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ (жинақтау) Қоршаған орта министрі	2011 жылғы наурыз
23.	Әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
24.	Азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығының нормаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
25.	Азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) азаматтық әуе кемелерін пайдалануға жарамдылығы нормаларына сәйкестігін бағалау әдістемесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
26.	Азаматтық авиацияда әуеайлақтық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
27.	Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының ұшуын электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
	Азаматтық әуе кемелерін жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету			

28.	ұйымдарына қойылатын сертификатталған талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
29.	Қазақстан Республикасының әуежайларында арнайы көлік қызметінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
30.	Азаматтық әуе кемелерін авиациялық жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
31.	Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясындағы өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ (жинақтау) ТЖМ	2011 жылғы наурыз
32.	Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
33.	Қазақстан Республикасының әуежайларында ұшуды авариялық-құтқарумен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ (жинақтау) ТЖМ	2011 жылғы наурыз
34.	Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшудың негізгі қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ (жинақтау) Қорғанысмині	2011 жылғы наурыз
35.	Қазақстан Республикасының аса маңызды ұшуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ (жинақтау) ПКҚ (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша)	2011 жылғы наурыз
36.	Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығының нормаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
37.	Сертификаттау және үлгі сертификатын беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
38.	Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
39.	Аса жеңіл авиация саласында сертификаттау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
40.	Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін техникалық пайдалану және оларды жөндеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
41.	Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсететін және оны жөндейтін ұйымды сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
42.	Азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығын сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз

43.	Азаматтық және эксперименттік авиация персоналын аттестаттау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
44.	Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей қатысатын авиация персоналын кәсіптік даярлау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
45.	Азаматтық және эксперименттік авиацияның аттестатталуға жататын авиация персоналының лауазымдары мен кәсіптерінің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
46.	Қазақстан Республикасының азаматтық және эксперименттік авиациясы әуе кемелерінің экипаж мүшелерінің жұмыс уақыты мен демалысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
47.	Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2010 жылғы қазан
48.	Пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға жіберу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2010 жылғы қазан
49.	Жалпы мақсаттағы авиация пайдаланушыларды ұшуға жіберу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
50.	Аэроклубтар туралы үлгі ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
51.	Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясында ұшу жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
52.	Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында бортсеріктердің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
53.	Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға қойылатын сертификатталған талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
54.	Авиациялық оқу орталықтарына қойылатын сертификатталған талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
55.	Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі ұйымдарға қойылатын сертификатталған талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
56.	Авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2011 жылғы наурыз
57.	Жолаушыларды, багажды, жүктер мен почта жөнелтілімдерін тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету үшін Авиамаршрутка арналған конкурс өткізу және		ККМ	2010 жылғы қазан

	авиамаршруттарға куәліктер беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы		
58.	Мемлекеттік авиация қызметіне мемлекеттік бақылау жүргізудің тәртібін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
59.	Көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) берушілердің әуежай қызметін жүзеге асыруына қолжетімділігін қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы	Бірлескен бұйрық	ККМ, ТМРА, БҚА	2011 жылғы наурыз
60.	Әуежай қызметіне жататын қызметтер мен операциялардың тізбесін бекіту туралы	Бірлескен бұйрық	ККМ, ТМРА	2011 жылғы наурыз
61.	Әуежайдың бақыланатын аймағына өту, көлікпен өту құқығына арналған рұқсаттамалардың түрлері мен нысандарын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2010 жылғы қазан
62.	Авиация персоналының қолданыстағы куәлігі бар ұшу құрамының, кабина экипажының адамдарына, ұшуды техникалық қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық құрамға және ұшу кезінде әуе кемесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін персоналға экипаж мүшесінің куәлігін беру қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2010 жылғы қазан
63.	Авиациялық қауіпсіздік қызметі мамандарын, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның авиациялық қауіпсіздік және ұшу қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі лауазымды адамдарын даярлау және қайта даярлау бағдарламасын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2010 жылғы қазан
64.	Авиациялық қауіпсіздікті инспекциялық тексерудің үлгі бағдарламасын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2010 жылғы қазан
65.	Төтенше жағдайлардағы іс-әрекеттер бойынша азаматтық әуе кемелерінің экипаждарына арналған нұсқаулықты бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2010 жылғы қазан
66.	Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз
67.	Әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз
68.	Азаматтық авиацияның жердегі радиосәулені таратушы құралдарының жарамдылығы куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы және осындай куәліктерді беруді жүзеге асырады	Бұйрық	ККМ	2010 жылғы қазан
69.	Халықаралық тұрақты емес ұшуды орындауға рұқсаттар беру және оны беруден бас тарту негіздерінің қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2010 жылғы қазан

70.	Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ (жинақтау), Қоршаған орта министрі	2010 жылғы қазан
71.	Әуе трассалары мен жергілікті әуе желілерін пайдалануға рұқсат ету қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2010 жылғы қазан
72.	Ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде радиоалмасу фразеологиясының қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2010 жылғы қазан
73.	Қазақстан Республикасының ішкі және халықаралық авиамаршруттарындағы тұрақты рейстердің кестесін бекіту жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2010 жылғы қараша
74.	Субсидияланатын маршруттарда ұшуды орындаған кезде Ұшу сағатының өзіндік құны есебінің нұсқаулығын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз
75.	Тексеру парақтарының нысандарын және тексерулердің жыл сайынғы жоспарларын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ (жинақтау), ЭДСМ	2011 жылғы наурыз
76.	Азаматтық авиация ұйымдарын тексеру мәселелері бойынша ведомстволық есептіліктің нысандарын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ (жинақтау), ЭДСМ	2011 жылғы наурыз
77.	Азаматтық авиация ұйымдары қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы	Бұйрық	ККМ (жинақтау), ЭДСМ	2011 жылғы наурыз
78.	Азаматтық авиация авиация персоналының киім үлгісін кию және айырым белгілерін тағып жүру қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2010 жылғы қазан
79.	Авиакомпанияның бірінші басшысы лауазымына кандидаттарға біліктілік талаптарын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2010 жылғы қазан
80.	Жолаушыларды, багажды және жүктерді әуе көлігімен тасымалдау қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2010 жылғы қазан
81.	Шетелдік тасымалдаушыларды тіркеу тәртібін және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2010 жылғы қазан
82.	Әуежайлар және аэронавигация салаларында қызмет көрсететін субъектілер персоналы санының үлгі нормативтерін бекіту туралы	Бұйрық	ККМ (жинақтау) ТБРА, БҚА	2012 жылғы желтоқсан
83.	Әуежайлар және аэронавигация салаларында қызмет көрсететін субъектілердің шикізат пен материалдар шығындарының, техникалық шығынының үлгі нормаларын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ (жинақтау) ТМРА, БҚА	2012 жылғы желтоқсан
84.	Қазақстан Республикасының әуежайларында әуе кемелеріне қызмет көрсету үшін уақытша интервалдарды бөлу қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз

85.	Әуежайды пайдаланушының бірінші басшысы лауазымына кандидаттарға біліктілік талаптарын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2010 жылғы қазан
86.	Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз
87.	Қазақстан Республикасының азаматтық және мемлекеттік авиациясының бірлесіп орналастыру әуеайлақтарын пайдалану қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз
88.	Әуеайлақты бірлесіп қолдану және бірлесіп орналасқан әуеайлақтардың тізбесін бекіту туралы	Бұйрық	ККМ (жинақтау), Қорғанысмині	2010 жылғы қазан
89.	Сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтар мен кону алаңдарының пайдалануға жарамдылығын айқындау қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз
90.	Сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтарды, кону алаңдарын пайдаланушылардың есепке алу қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз
91.	Әуе кемелерінің халықаралық ұшуын қамтамасыз етуге арналған әуежайларды ашу және жабу тәртібін бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз
92.	Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін, оларға құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді, сондай-ақ оларға құқықтарды куәландыратын құжаттардың нысандарын мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2010 жылғы қазан
93.	Азаматтық авиация саласында ұшу қауіпсіздігі жөніндегі бағдарламаны бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз
94.	Әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде әуежайларда азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылардың ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі үлгі нұсқаулықтарды бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз
95.	Азаматтық авиацияның авиация персоналын даярлау және қайта даярлау бағдарламаларын, сондай-ақ халықаралық ұшуды орындаған кезде авиация персоналының радиотелефон байланысында пайдаланатын белгілі бір көлемдегі ағылшын тілін білуіне қойылатын талаптарды бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз
96.	Әуе кемелерін есептен шығару қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз

97.	Азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификаттарын тану қағидасын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз
98.	Мемлекеттік, тіркелетін танылым белгілері мен қосымша белгілерді әуе кемелеріне салу тәртібін және көрсетілген белгілердің сипаттамасын азаматтық және эксперименттік әуе кемелеріне қатысты бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2010 жылғы қазан
99.	Азаматтық және эксперименттік авиация үшін ұшуға дайындау қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз
100	Шет мемлекеттер берген авиация персоналының куәліктерін тану тәртібін бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз
101	Азаматтық әуе кемелерімен тасымалдауға арналған қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз
102	Авиация персоналы куәлігі берілетін тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптарды бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз
103	Авиация персоналы куәлігін беру қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз
104	Аэроклубтың қызметтер көрсетуіне арналған үлгі шартты бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз
105	Азаматтық әуе кемелерінде қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы	Бұйрық	ККМ	2011 жылғы наурыз
106	Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының ұшуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
107	Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясында авиациялық оқиғалар мен инциденттерді болғызбау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
108	Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясын инженерлік-авиациялық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
109	Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясын штурмандық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
110	Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелеріне мемлекеттік, тіркелім және қосымша танылым белгілерін салу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
111	Әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының), автомобиль жолдарының әуеайлақтық учаскелерінің пайдалануға жарамдылығының нормаларын және Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуеайлақтарына қойылатын тактикалық-техникалық талаптарды бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша

112	Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын) пайдалану қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
113	Мемлекеттік авиация әуеайлақтарының, автомобиль жолдарының әуеайлақтық учаскелерінің тізілімін және оны жүргізу тәртібін бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
114	Мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаны бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
115	Мемлекеттік авиацияның авиация персоналын куәландыру қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
116	Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік авиацияның қызметкерлері лауазымдарының тізбесін бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
117	Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының авиациялық іздестіру-құтқару қызметі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
118	Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының ұшуын медициналық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
119	Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының ұшуын метеорологиялық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
120	Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының ұшуын орнитологиялық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
121	Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелерін тіркеу қағидалары туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
122	Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясын байланыспен және радиотехникамен қамтамасыз етуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
123	Байланыс құралдарын техникалық пайдалану, ұшуды және мемлекеттік авиацияның автоматтандырылған басқару жүйесін радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
124	Мемлекеттік әуе кемелерін пайдалануға рұқсат ету қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
125	Мемлекеттік авиация әуеайлақтарына (тікұшақ айлақтарына) қойылатын сыныптау талаптарын бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
126	Мемлекеттік авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) пайдалануға рұқсат ету қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша

127	Әуе қозғалысын басқару жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы	Бұйрық	Қорғанысмині	2010 жылғы қараша
-----	--	--------	--------------	-------------------

Е с к е р т п е :

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
 Қорғанысмині - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі
 ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
 ЭДСМ - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі
 ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
 Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі
 Қоршағанортмині - Қазақстан Республикасы Қоршаған орта министрлігі
 ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
 ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
 ПКҚ - Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі
 ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі
 БҚА - Бәсекелестікті қорғау агенттігі